> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Біз осы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Digital Qazaqstan жалпыұлттық стратегиясы бекітіліп, «Жасанды интеллект туралы» заң мен Цифрлық кодекс қабылданды. Осылайша, цифрлық экономиканы қарқынды дамытуға қажетті құқықтық және институционалдық негіз қаланды. Ең бастысы, аталған ауқымды жұмысты қоғам қолдап отыр, себебі азаматтарымыз және бизнес игілігін көруде. Мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы онлайн қолжетімді, eGov Mobile қосымшасына халқымыздың үштен екісі, яғни 13 миллион қолданушы тіркелген. Бір апта бұрын жарияланған БҰҰ зерттеуіне сүйенсек, Қазақстан әлемдегі электрондық үкіметтің даму рейтингінде екі жыл ішінде 8 позицияға көтеріліп, 16-орынға табан тіреді.

№141
(5039)
Сенбі
28 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА САҚАДАЙ САЙ

Бас қаланың коммуналдық қызметі қысқы кезеңдегі жұмысқа дайын. Мәселен, қар жауған күндері көшелерді тазарту күшейтілген режимде жүргізіледі.


Сұлтан СЕЙІТ

Ең алдымен негізгі магистралдар, қоғамдық көлік аялдамалары мен әлеуметтік нысандарға апаратын жолдар қардан тазартылады. Қыс мезгілінде қар күреу жұмысы елорданың барлық 6 ауданында өтеді. Санитарлық тазарту үшін 2500-ден астам арнайы техника мен 3400-ден аса жол жұмысшысы жұмылдырылады. Жауын-шашын кезінде магистралдық көшелерді, әлеуметтік нысандар мен қоғамдық көлік аялдамаларына апаратын жолдарды уақытылы тазартуға басымдық беріледі.

«Қар күреу жұмысы екі ауысым бойынша жүргізіледі. Қар қалың жауған жағдайда, ауа райы мен жол жағдайына қарай арнайы техниканың қозғалыс бағыттары өзгеріп отырады» делінген хабарламада.



«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ – ҚАЙЫРЫМДЫ ІС

Елордада әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларға және мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсету бойынша бірқатар жоба жүзеге асып жатыр. Осы орайда бір ғана «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығына биыл 56 мыңнан астам адам өтініш білдірген.



STADLER – ОТАНДЫҚ ВАГОН

Ұлттық тасымалдаушы 13 желтоқсаннан бастап №66/65 «Нұрлы жол – Қызылорда» пойызының құрамын отандық өндірістен шыққан Stadler вагондарымен жаңартады.

Пойыз аталған бағытта күнара қатынайды деп хабарлайды elordainfo.kz «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Жүрдек көлік құрамында жалпы саны 416 жолаушыға арналған 9 жаңа вагон болады. Жолаушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында вагондар климат-бақылау жүйесімен, жеке жарықтандыру шамдарымен, 220В электр розеткаларымен, бейнебақылау жүйесімен, қол жүгі мен багажды орналастыруға арналған орындармен және буфет аймағымен жабдықталған.



КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

КОФЕХАНАДА КІТАП ОҚЫҢЫЗ

Астанада кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және қазақ әдебиетін насихаттау мақсатында кофеханаларға қазақ тіліндегі кітаптарды тарату жобасы қолға алынды.

Жобаны Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана қаласындағы филиалы бірлесіп қолға алды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, кофехана өкілдері бұл идеяны қуана қабылдап отыр. Ұсынылған кітаптардың қатарында қазақ әдебиетінің таңдаулы туындылары мен жергілікті қаламгерлердің шығармалары бар.

«Бір кофеханаға 10-15 кітап үлестіріледі. Қазірге дейін 40 шақты кофеханаға кітап таратылды. Жалпы, осыған дейін 1500-дей кітап жиналған еді. Әрине, кофехана саны көп. Қазір өзімізде, қаламгерлерде бар кітаптарды тағы да жинап жатырмыз» дейді Қазақстан Жазушылар одағы Астана қаласы филиалының төрағасы Бауыржан Бабажанұлы.

№141 (5039) 28/11/2026 Сенбі





ЖИ ЖАҺАНДЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ӨЗГЕРТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев AI Journey 2026 халықаралық конференциясына қатысу үшін Мәскеу қаласына жұмыс сапарымен барды. Конференцияның қарсаңында Кремльде Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путиннің кездесуі өтті. Одан кейін Қазақстан мен Ресей президенттері жасанды интеллектіні енгізуге арналған көрмені тамашалады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев AI Journey 2026 халықаралық жасанды интеллект конференциясында сөз сөйледі. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин жасанды интеллектіні меңгерген талантты жастармен кездесті. Мемлекеттер басшылары мен жастардың сұхбаты сұрақ-жауап түрінде өрбіді.

ПРЕЗИДЕНТТЕР ПІКІР АЛМАСТЫ

Жасанды интеллект тақырыбына арналған AI Journey форумы қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Кремльде Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесті. Мемлекет басшысы жасанды интеллект тақырыбына арналған AI Journey 2026 конференциясын өткізудің маңызына тоқталды.

«Алғашқы форумды 2020 жылы Covid пандемиясы тұсында онлайн режимде өткізгеніміз есімде. Сол кезде Сіз үш-төрт жыл ішінде жасанды интеллект, цифрландыру тақырыбы алдыңғы орынға шығатынын айтқан едіңіз. Дәл солай болды. Қазір бәрі жоғары технологиялар, соның ішінде жасанды интеллект келешектің келбетін қалай өзгертетінін айтып жатыр. Сондықтан осы жолғы форум, ең алдымен, біз үшін айрықша өзекті. Өйткені шын мәнінде цифрландыруға, жасанды интеллектіні дамытуға баса мән беріп отырмыз. Биыл Қазақстанда Жасанды интеллектіні дамыту жылы болып жарияланды. Біраз шаруа атқарылды. Біріккен Ұлттар Ұйымының E-Government, яғни электрондық үкімет пен адам капиталын дамыту рейтингінде 16-орынға табан тіредік. Бұл деңгейге 24-орыннан көтерілдік» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстан ресейлік жоғары технологиялық компаниялардың қызметін, әсіресе, киберқауіпсіздікті дамыту барысын қызығушылықпен зерделеп отыр.

«Менімен бірге үлкен делегация келді. Олардың қатарында цифрландыру мен жасанды интеллект технологиялары енгізіліп жатқан барлық бизнес саласының өкілдері бар. Ресейдің жоғары технологиялық бизнесі Қазақстанда кеңінен танымал. «Сберді» және елімізде ең үлкен жұмыс берушілердің бірі саналатын «Яндекс Қазақстан» компаниясын айрықша атап өткім келеді. Аталған бизнес өте жақсы дамып жатыр. Ресейлік компанияның біздің нарықтағы қызметіне көңіліміз толады, оларға барынша қолдау көрсетеміз» деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің, АҚШ Президенті Дональд Трамптың және Ресей Президенті Владимир Путиннің Шэньчжэнь қаласындағы үшжақты кездесуінің қорытындысына қатысты пікір білдірді.

«Сізді жуырда Қытайға жасаған сапарыңыздың табысты болуымен, сондай-ақ Шэньчжэнь қаласында өткен саммитке қатысуыңызбен құттықтаймын. Әрине, «үштіктің» отырысын қарап отырып, тарихтың осы бір күрделі кезеңінде, геосаяси ахуал шиеленісіп, тұрақсыздық белең алған сәтте Ресейдің ұлы держава ретінде алдыңғы қатарға шыққанына қуандым. Бұл, әрине, Владимир Владимирович, Ресей Президенті ретінде Сіздің зор еңбегіңіздің арқасы. Осы жайтқа шынайы қуандым. Ресей – ұлы ел. Мазмұны мен мәні тұрғысынан өте оңтайлы декларация қабылданды. Қазіргі әлемде бұдан зорын күту орынсыз болар еді. Байқауымша, аталған декларацияны әзірлеуге Өзіңіз тікелей атсалыстыңыз. Өйткені жазылу мәнері мен мазмұны маған таныс. Жиі айтып жүрген мәселелеріңіз осы құжаттың негізгі тармақтары ретінде енген екен. Бұл, әрине, ресейлік дипломатияның және Ресей мемлекетінің зор жетістігі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Владимир Путин сапармен келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екіжақты қарым-қатынастың қарқынды түрде дамып келе жатқанына тоқталды.

«Біз Қазақстанда және Ресейде, сондай-ақ түрлі халықаралық іс-шаралар алаңында ұдайы кездесіп жүрміз. Бұл жолы Сіз жасанды интеллектіні дамыту саласында «Сбербанк» ұйымдастырған конференцияның құрметті қонағы ретінде келіп отырсыз. Қазақстанда ақпараттық технологияларды дамытуға баса мән беретініңізді білемін. Сізге сала мамандарының ой-пікірін тыңдау, жастармен, оқушыларымен және студенттермен сұхбаттасу, Ресей мен Қазақстанның жоғары технологиялар, соның ішінде жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастығы жайында әңгіме өрбіту қызықты боларына сенімдімін. Екі елдің тауар айналымы қарқынды түрде өсіп келеді, 30 миллиард долларлық межеге жақындап қалды. Ұлттық валюталарымыз арқылы есеп айырысу үлесі артып, 90 пайыздан асты. Үкіметаралық комиссия қос тарапта да белсенді жұмыс істеп жатыр. Жалпы алғанда, барлық бағытта ойдағыдай ілгерілеп келеміз. Меніңше, біздің тұрақты кездесулеріміз осы үдерістің қарқын алуына белгілі бір деңгейде оң әсер етіп отыр» деді Ресей Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛАҢҒА АЙНАЛҒАН ЖИЫН

AI Journey 2026 халықаралық конференциясы аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин Қазақстан мен Ресейдің жасанды интеллект саласындағы жетістіктерін паш ететін стендтермен танысты. Қазақстанның көрме алаңында «Технологиялық ұлт», Startup City, GovTech, Aitu, «Көлік және FinTech салаларындағы ЖИ» секілді алты негізгі бағыт қамтылған. Ресей тарапының экспозициясы білім беру, денсаулық сақтау, қала құрылысы, сот ісін жүргізу, мұнай өнеркәсібі және басқа да секторлардағы цифрлық шешімдерге арналған. Екі елдің салалық ведомство басшылары жасанды интеллектіні қолдану арқылы жүзеге асырылып жатқан басым жобаларды таныстырды. AI Journey («Жасанды интеллект әлеміне саяхат») – жасанды интеллект технологияларын әлемдік деңгейде дамыту мәселелеріне арналған дәстүрлі конференция. Іс-шара 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт ішінде бұл жиын ЖИ саласындағы беделді халықаралық алаңға айналды.

ҒЫЛЫМИ ТӨҢКЕРІСТІҢ ТАБАЛДЫРЫҒЫНДА ТҰР

AI Journey 2026 халықаралық жасанды интеллект конференциясында сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект саласындағы деңгейі аса жоғары мамандардың басын қосқан форумға шақырғаны үшін Владимир Путинге алғыс айтып, Ресейдің ғылым мен технологиядағы жетістіктеріне оң баға берді.

«Ресей ежелден данышпан ғалымдарымен, әсіресе, инженерия саласындағы өнертапқыштарымен танымал. Дәл осы жерде Михаил Ломоносов, Дмитрий Менделеев, Иван Кулибин, Николай Лобачевский, Андрей Колмогоров, Александр Попов, Сергей Королев, Константин Циолковский, Игорь Курчатов, Петр Капица және басқа да көптеген ақыл-ой алыптарының есімдерін атау орынды болар еді. Олардың бәрін бірдей атап-түстеуге қағаз да, уақыт та жетпейді. Академик Сергей Лебедевтің жетекшілігімен әлемдегі ең алғашқы электрондық есептеуіш машиналарының бірі жасалды. Бұл жаңа тұрпатты технологиялық жүйенің қалыптасуындағы маңызды кезең болды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті атап өткендей, осы игі дәстүр қазіргі Ресейде де лайықты жалғасын тапты.

«Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының мәліметіне сәйкес, Ресей бірегей конструкциялар мен модельдер өндірісіне берілген өтінімдер бойынша әлемде екінші орын алады. Оның адамзат дамуындағы маңызына бір сөзбен баға беру қиын. Ресейдің жетекші технологиялық компанияларының, соның ішінде «Сбер» мен «Яндекстің» заманауи әзірлемелері жоғары технологияның дамуына қызығатын, ақ-қараны ажырата білетін кез келген адамды таңғалдырмай қоймайды. «Яндекс» те, «Сбер» де біздің нарықта кеңінен танымал. «Яндекс» шын мәнінде Қазақстандағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі саналады. «Курчатов институты», «Сколково», «Иннополис», «Технополис» және басқа да маңдайалды мекемелер Ресей мемлекетінің инновациялық инфрақұрылымы қаншалықты ауқымды екенін анық көрсетеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, әлем жаңа ғылыми-техникалық революцияның табалдырығында тұр. Оның әсерінен жаһандық экономика, адамдардың дүниетанымы және тұтас мемлекеттер түбегейлі өзгеріске ұшырайтыны анық.

«Жасанды интеллект қазірдің өзінде жекелеген өндірістік және ойлау үдерісін немесе қазір айтылып жүргендей, когнитивтік процестерді автоматтандырумен шектелмей, технологиялық инфрақұрылымның ажырамас бөлігіне айналды. Биыл дүние жүзінде жасанды интеллектіге жұмсалған қаржы шамамен 2,7 триллион долларды құрауы мүмкін. Оның ішінде 1,5 триллионнан астамы цифрлық инфрақұрылымды дамытуға бағытталды. Стэнфорд университетінің зерттеуі бойынша сауалнамаға қатысқан ұйымдардың 88 пайызы өздерінің күнделікті қызметінде жасанды интеллектіні пайдаланатынын мәлімдеген. Екі жыл бұрын аталған көрсеткіш небәрі 55 пайыз еді. Ірі шетелдік технологиялық компаниялардың, соның ішінде ресейлік компаниялардың басшыларымен жиі кездесіп, пікір алмасамын. Жақында NVIDIA жетекшісі Дженсен Хуангпен жүздестім. Сондағы көзімнің жеткені – болып жатқан өзгерістер ұзақмерзімді әрі ол енді тоқтамайды» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев технологиялық трансформация геосаяси шиеленіс күшейген, мемлекеттер арасындағы сенімге селкеу түскен кезеңде жүріп жатқанына назар аударды.

«Әлемнің мүлдем жаңа геотехнологиялық картасы пайда болды деуге болады. Озық шешімдерге, есептеу қуатына, білікті кадрларға қол жеткізу мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігіне және қауіпсіздігіне ықпал ететін факторға айналды. Халықаралық ғылыми байланыстарды шектеу, аса маңызды технологияларды аталған үдеріске қатысушы ат төбеліндей топтың қолында шоғырландыру түбі жаһандағы технологиялық теңсіздіктің ушығуына алып келеді. Елдердің арасында тағы бір жіктің қалыптасуына жол беруге болмайды. Керісінше, өзара тиімді халықаралық ғылыми-технологиялық ынтымақтастыққа қарсы бірге күресу қажеттігін тағы да растады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар пленарлық сессия барысында Ресей Президенті Владимир Путин және «Сбербанк» ЖАҚ басқарма төрағасы Герман Греф сөз сөйледі.

ЖАСТАРМЕН ДИАЛОГ ЖҮРГІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Президенті Владимир Путин Жасанды интеллект тақырыбына арналған AI Journey 2026 конференциясы аясында жастармен диалог жүргізді. Қазақстан Президенті халықаралық жасанды интеллект олимпиадасында жеңімпаз атанған жасөспірімдерді осынау бірегей форумға қатысу мүмкіндігіне ие болуымен құттықтады. Оның айтуынша, бұл – өз қарым-қабілетіңді әлемге, соның ішінде мемлекеттер басшыларына паш ететін орайлы сәт.

«Аға буынның парызы – талантты жастардың кәсіби тұрғыдан шыңдалуына жағдай жасау. Бұл – шын мәнінде, мемлекеттік маңызы бар міндет. Біз сіздердің ешқандай қиындықсыз лайықты білім алып, осы күрделі әлемде мемлекеттеріміздің өсіп-өркендеуіне және қауіпсіздігіне өз үлестеріңізді қосу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жасанды интеллектінің даму процесі одан әрі үдей түсетінін, сөйтіп әлемнің дамуына айтарлықтай ықпал ететінін атап өтті.

«Қазақстан Республикасының Президенті ретінде мен цифрландыруға және жасанды интеллектіге басым стратегиялық міндет ретінде қараймын. Менің түсінігімде, жасанды интеллектінің серпінді дамуы Үкіметке жаңа міндеттер жүктейді. Әлі жасы жиырмаға да толмаған өскелең ұрпақтың баянды болашағы үшін аянбай еңбек етеміз. Өмірлерің алда, келешектің келбетін айқындау Сіздердің қолдарыңызда. Қазақстаннан келген азаматтарды ресейлік достарымызбен, серіктестерімізбен тығыз жұмыс істеп, өркениет жолына бірге қадам басуға шақырамын» деді Президент.

Бұдан кейін мемлекеттер басшылары мен жастардың сұхбаты сұрақ-жауап түрінде өрбіді. Оқушылар мен студенттер президенттерге жауап беріп қана қоймай, жасанды интеллект технологияларын ғылым, білім, медицина, экономика салаларында және өнерде қолдануға қатысты өз ой-пікірлерін бөлісуге мүмкіндік алды. Қазақстан Президенті пікірталасқа қатысушылардың білімге құштарлығы толастамай, жаңа белестерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді. Кездесуге Қазақстан, Ресей және Үндістан елдерінен келген жас таланттар қатысты.



ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНА БАРДЫ

Әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасыларға көмек көрсету және мүгедектігі бар азаматтардың өмір сапасын жақсарту бағытында бірқатар жұмыс атқарылып келеді. Осы бастамалардың тиімділігін бағалау мақсатында Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері екі әлеуметтік нысанға – «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы мен «Дос» «Тәуелсіз өмір» орталығына көшпелі мониторинг жүргізді.

Шапағат ӘБДІР

Сапар барысында Қоғамдық кеңес мүшелері орталықтардың қызметімен танысып, тұрғындарға көрсетілетін әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмектің ұйымдастырылуын, сондай-ақ оңалтудың техникалық құралдарын жөндеу және қызмет көрсету жұмыстарын көрді.

Қоғамдық кеңес мүшелерін Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Әйгерім Тәңірбергенова мен орталық директорының міндетін атқарушы Мейрам Байгенжин қарсы алып, мекеменің негізгі жұмыс бағыттарын таныстырды.

Орталық қызметі «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастырылған. Яғни тұрғындар өз мәселелерін шешу үшін бірнеше мекемені аралап жүрмей-ақ, бір жерден қажетті мамандардың көмегіне жүгіне алады. Мұнда құқықтық және психологиялық кеңес беріліп қана қоймай, азаматтарға жұмысқа орналасуға, жаңа мамандық игеруге, кәсіп бастауға және мемлекеттік грант алуға қатысты да қолдау көрсетіледі.

– Біздің міндетіміз – адамды жай ғана тыңдау емес, оның дағдарыстан шығуының нақты бағытын айқындау, – деді Мейрам Байгенжин.

Орталық жұмысына деген сұраныс та жоғары. 2026 жылдың алғашқы он айында мұнда 56 мыңнан астам адам өтініш білдірген. Бұл көрсеткіш мекеменің қала тұрғындары үшін маңызды әлеуметтік қолдау алаңына айналғанын аңғартады.

Қоғамдық кеңес мүшелері бұдан кейін Шәкен Айманов көшесі, 6/1 мекенжайында орналасқан «Дос» «Тәуелсіз өмір» орталығына барды. Мұнда мүгедектігі бар азаматтардың күнделікті өмірде пайдаланатын оңалту құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсетуге арналған «Инва-СТО» әлеуметтік жобасы жүзеге асып келеді. Жоба кураторы Назгүл Ілиясова қонақтарға шеберхананың жұмыс барысын таныстырып, оңалту құралдарын қалпына келтірудің барлық кезеңін көрсетті. Мұнда мүгедектер арбаларының ұсақ ақауларын жөндеу, қосалқы бөлшектерін ауыстыру, қаңқалары мен гидравлика жүйелерін қалпына келтіру жұмысы жүргізіледі. Сонымен қатар мамандар әр адамның жеке өлшемдері мен қажеттіліктеріне қарай мүгедектер арбаларын таңдап, оларға арналған тозуға төзімді қаптар тігеді. Өздігінен орталыққа келе алмайтын азаматтарға үйіне барып қызмет көрсету де қарастырылған.

– Мұндай сапарлар бізге елордалық әлеуметтік бастамалардың тиімділігін есептер бойынша емес, тәжірибе жүзінде бағалауға мүмкіндік береді. «Жанұя» да, «Инва-СТО» шеберханасы да қала тұрғындарына көмектің атаулы, кәсіби әрі шын ықыласпен көрсетілетінін дәлелдейді. Қоғамдық кеңес осы маңызды бағыттарды қатаң бақылауда ұстауды жалғастырады, – деп атап өтті Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Назгүл Мақжан.

Қоғамдық кеңес мұндай жұмыстар арқылы елордадағы әлеуметтік бастамалардың жүзеге асуын бақылап, халықтың талап-тілегін назарда ұстауды жалғастырады.

ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ АДАМ РӨЛІ

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Жасанды интеллект дәуіріндегі адам рөлі» атты халықаралық диалог өтті. Оған БАӘ, Қытай, Корея, Польша және Латвия елдерінің өкілдері, сондай-ақ отандық және халықаралық жетекші сарапшылары, ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Іс-шараны ашқан Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтқан Халықтық Конституциядағы құндылықтар мен мемлекеттік басқару жүйесін жаңа экономика және технология жағдайына бейімдеу жөніндегі тапсырмаларының маңызын атап өтті. Сонымен қатар ЖИ дәуірінде адами капиталды дамыту және жаңа басқару мәдениетін қалыптастырудың өзектілігіне тоқталып: «Жасанды интеллект мемлекеттік басқарудың құралдарын өзгертеді. Бірақ мемлекеттің қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады» деді агенттік төрағасы.

Қазақстанда мемлекеттік басқаруды цифрландыру және HR-процестерді автоматтандыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, ЭЫДҰ-ның OPSI алаңында инновация жобасы деп танылған e-Qyzmet жүйесі 400-ден астам кадрлық процесті автоматтандырып, мемлекеттік қызметке іріктеу мерзімін 5-7 жұмыс күніне дейін қысқартты. AI Qyzmet бағдарламасы аясында 64 мыңнан астам әкімшілік мемлекеттік қызметші жасанды интеллект құралдарын қолдану бойынша арнайы оқытудан өтті. Мемлекеттік қызметшілердің цифрлық және ЖИ саласындағы басқару құзыретін дамытуға бағытталған AI Governance бағдарламасы іске асуда. Мемлекеттік басқару академиясы жанынан ЖИ зертханасы құрылып, басқару процесін зерттеу мен оңтайландыруға көмектесуде.

Диалог барысында қатысушылар мемлекеттік басқаруда ЖИ-ді жауапты пайдалану, халықаралық тәжірибе алмасу және адами капиталды дамыту мәселелерін талқылады.

Іс-шарада адамға бағдарланған, технология тұрғысынан дамыған әрі жауапкершілігі жоғары мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастырудың маңызы зерделенді.

Халықаралық диалог аясында агенттік төрағасы Дархан Жазықбай БАӘ-нің Мұхаммед бин Рашид атындағы Мемлекеттік басқару мектебінің атқарушы президенті Али бин Себаа Аль Марримен екіжақты кездесу өткізіп, мемлекеттік басқаруды цифрландыру, ЖИ енгізу және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыретін дамыту мәселелерін талқылады.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМ

Бас қалада гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік халықаралық акция аясында «Зорлық-зомбылықсыз қоғам: алдын алу, қауіпсіздік және ортақ жауапкершілік» тақырыбында семинар-тренинг өтті.



Шапағат ӘБДІР

Tatulyq.kz жобасы аясында ұйымдастырылған басқосу «Тұран-Астана» университетінде өтіп, онда тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасы құндылықтарын нығайту және жастар арасында қауіпсіз орта қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Іс-шараны ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ және «Серпін» әлеуметтік даму ұлттық қоры бірлесіп ұйымдастырды. Семинарға жастар, ата-аналар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен қоғам белсенділері қатысып, отбасындағы өзара сыйластық пен жауапкершіліктің маңызы жөнінде пікір алмасты.

Жиынның негізгі мақсаты – қоғамда зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеу мәдениетін қалыптастыру, жастардың отбасындағы жауапкершілігін арттыру және балалар мен жасөспірімдер үшін қауіпсіз орта құру. Семинардың ашылуында сөз сөйлеген «Тұран-Астана» университетінің бірінші проректоры, педагогика ғылымдарының докторы, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Айтжан Абдыров отбасындағы тәрбие мен ұлттық құндылықтардың қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөліне тоқталды.

– Біз бұл іс-шараны жастарға қауіпсіз қоғам құрудың маңызын түсіндіру, сол ортақ мақсатқа жетудің жолдарын талқылау үшін ұйымдастырып отырмыз. Басқосудың басты мәні – отбасын сақтау, отбасындағы ізгілік пен өзара жауапкершілікті күшейту. Қазақ халқы «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бекер айтпаған. Бала ең алдымен отбасынан тәрбие алады, үлкендердің қарым-қатынасынан үлгі көреді. Сондықтан отбасы және ұлттық құндылықтарды нығайту, сыйластық пен жауапкершілікті ұрпақ санасына сіңіру – баршамызға ортақ міндет, – деді ол.

Семинар барысында Халық Кеңесінің мүшесі, Білім беру және адами капитал мәселелері жөніндегі комиссияның төрағасы Мұрат Әбенов, Республикалық әкелер одағы төрағасының орынбасары, Астана қаласындағы филиалының жетекшісі Бекдайыр Күзембай және педагог-психолог, PhD, отбасы қарым-қатынасы тренері, «Сен қалаған әке» кітабының авторы Баян Бекетай баяндама жасады.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

ЖАСЫЛ БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Темірбек Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай «Тәуелсіздік және экология: жасыл болашаққа бағдар» жобалар байқауы өтті.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Жобаның мақсаты – өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялауға және қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу, отансүйгіштік сезімін нығайту, сондай-ақ тұрақты даму бағытындағы шығармашылық, ғылыми-зерттеу және инновация жобаларын қолдау.

Байқауға Астана қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері мен орта білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысып, бақ сынады. Сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеу, жасыл технологияларды дамыту және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жобаларын ұсынды.

– Біз «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы мен Тәуелсіздік құндылықтарын білім беру жүйесіне тереңінен кіріктіріп, өскелең ұрпақтың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруды мақсат еттік. Байқауға 85 жоба ұсынылды. Қазіргі таңда білім алушылар мен педагогтер өздерінің жобаларын қазылар алқасының алдында қорғап, идеясының өзектілігін, жаңашылдығын және практикадағы маңызын таныстырды. Біз үшін ұсынылған жобалардың саны ғана емес, олардың нақты өмірде қолданылу мүмкіндігі, экологиялық мәселелерді шешуге қосатын үлесі және жас ұрпақтың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудағы маңызы ерекше. Өйткені бүгінгі экологиялық бастама – ертеңгі таза әрі қауіпсіз болашақтың негізі, – деді Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Айнұр Әмірханова.

Іс-шараны Астана қаласы әкімдігінің Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырды.

№141 (5039) 28/11/2026 Сенбі

АДАМ ЕҢБЕГІМЕН КӨРІКТІ

Биылғы Республика күні өмірімде айшықты із қалдырды. Ұлттық мерекемізге арналған салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағын алдым. Бұл өмірімнің өзегіне айналған ұстаздық еңбегіме берілген ең үлкен баға деп білемін.



Бабалық шағым хакім Абайдың туып-өскен жерінде өтті. Абайдың үні, Абайдың әні, Абайдың өлеңдері құлағымызға сіңіп, жүрегімізге ұялаған ортада өстік. Ұлы ақынның мұрасы біз үшін жай ғана әдеби дүниелер емес, өмірді танудың, адамды түсінудің, жақсы мен жаманды ажыратудың рухани мектебі еді.

Әлі есімде, 6-сыныпта оқып жүргенімде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабын қолға алдым. Бүгін ойласам, балалықпен жасалған батыл қадам екен.

Әдебиетке деген сүйіспеншілігімнің оянуына әкемнің ықпалы ерекше болды. Түсінбегенімді түсіндіріп, білмегенімді үйретіп отыратын. Әкем маған көп нәрсе үйретті. Бірақ оның ең үлкен өнегесі – білгенін міндетсінбей, білімін даңғаза етпей, бойына жинаған асыл қазынасын ұрпағының санасына сіңіре білуі. Марқұм әкем тоқсанға таяп барып өмірден өтті. Ғұмырының соңына дейін жастығының астында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» мен Құран кітабы жататын. Осы көрініс көз алдыма келген сайын терең ойға батамын.

Абайға деген құштарлығым, әдебиетке деген сүйіспеншілігім болашақ мамандығымды таңдауыма ықпал етті. Әскерден оралған соң, Шәкәрім атындағы Семей педагогика институтына оқуға түстім. Ол – елімізде тестілеу жүйесі енді енгізіліп жатқан кез. Қазіргідей дайындық орталықтары мен репетиторлар жоқ. Бір қыс бойы өз бетімше дайындалғаным әлі есімде. Қолымнан келгенше іздендім, оқыдым, өзіме сенуге тырыстым. Сол еңбегімнің нәтижесінде армандаған мамандығыма қол жеткіздім.

Ауылға оқуға түскенімді айтып барған күнім әлі күнге дейін көз алдымда. Анамның қуанышында шек болмады. Көзіне жас алып, тебірене сөйлегені жадымда: «Мына тест дегендерің жақсы екен ғой. Әділетті екен. Сен енді мұғалім боласың. Бір қызым мұғалім еді. Енді бір ұлым мұғалім болса деп армандаушы едім» деп шын жүректен қуанды. Ана жүрегінің сол бір қуанышын ешқашан ұмытқан емеспін. Анамның әкесі Сталинград түбіндегі шайқастан оралмаған. Мамандығы мұғалім болған екен. Бәлкім, анамның ұстаздыққа деген ерекше құрметі сол кісінің өмір жолымен де байланысты болған шығар. Қалай болғанда да, анам үшін мұғалім болу – жай ғана мамандық таңдау емес, үлкен сенім мен абыройдың белгісі.

Ең бастысы, анам мұғалім болғанымды көріп кетті. Соған шүкір етемін. Бірақ адам өмірінде «әттең-ай» дегізетін өкініштер де болады екен. Анам жиырма үш жасымда өмірден өтті. Талай белеске әлі жетпеген, талай арманның орындалуына куә болмаған шағымда анамның өмірден өтуі жүрегімде жазылмас сағыныш қалдырды. Содан бері қанша жыл өтсе де, әрбір жетістігімде анамды ойлаймын. Адамның есейгені жүрегіндегі сағынышты азайтпайды екен. Керісінше, уақыт өткен сайын ата-ананың қадірін тереңірек түсінеді екенсің.

Ұстаздық жолым жалғаса берді. Астана қаласында өткен «Үздік педагог» байқауында бірінші орын алуым, мектептің 11-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығын жазып, автор атануым жылдар бойғы еңбектің нәтижесі деп білемін. Бұлардың ешқайсысы өздігінен келген жоқ. Әр жетістіктің артында ізденіс, дайындық, жауапкершілік, кейде өзіңмен-өзің арпалысып, көңіліңе күмән ұялаған сәттерден өту бар.

Ал «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері атанып, Германиядағы «Гумбольдт» университетінде тағылымдамадан өтуім – өмірімдегі айрықша кезеңдердің бірі. Жас ұстаздарға осындай мүмкіндіктің жасалғаны, әрине, Тәуелсіздіктің арқасы екені сөзсіз.

Ұстаздық жолымның келесі бір берекелі белесі – Астанадағы Қаныш Сәтбаев атындағы №61 мектеп-лицейді басқаруым. Мектепке ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың есімін беру, білім ордасын орта мектептен лицей деңгейіне көтеру – үлкен ізденісті, табандылықты және ұжымдық жұмысты қажет ететін жауапты іс.

Қаныш Имантайұлының өмірі мен ғылыми мұрасын тереңірек таныту мақсатында мұғалімдерге «Қаныш және ғылыми майдан» кітабын оқытқаным әлі есімде. Кітапты оқып шығумен ғана шектелмей, түстен кейін ұжымды жинап, оқығандары бойынша талқылау мен сұрақ-жауап ұйымдастыратынбыз. Мұндағы мақсат – біреуді сынау немесе білімін тексеру емес, ғұлама ғалымның өмір жолын терең түсіну, оның ел алдындағы жауапкершілігін, ғылымға деген адалдығын үлгі ету.

Мен үшін мектеп басқару тек әкімшілік міндеттерді орындау емес. Ол – ортақ құндылық қалыптастыру, ұжымның рухын көтеру, әр мұғалімнің бойындағы қабілетті аша білу, балалардың сапалы білім алуына жағдай жасау. Мектептің атағы оның мандайшасындағы жазумен емес, ішіндегі адамдардың еңбегімен, білім сапасымен, тәрбиесімен өлшенетінін жақсы түсіндім.

Артымда берекесі жарасқан ұжым тұрды. Ұжым маған сенді, мен ұжымға сендім. Өзіме жүктелген міндетті, әріптестер мен оқушылар алдындағы жауапкершілігімді адал атқаруға тырыстым. Барлық істі мінсіз орындадым деп айта алмаймын. Алайда әрбір шешімімнің, әрбір бастамамның түпкі мақсаты білім ордасының дамуы мен балалардың болашағы болғанына сенімдімін.

Хакім Абай адамға белгілі бір уақыт сайын өзіне есеп беріп отыруды өсиет етеді. Осы сөздің мәнін жылдар өткен сайын тереңірек түсініп келемін. Мен де өзіме есеп беруге дағдыланған жанмын. Бірақ ол есепті біреуге жария ету үшін емес, өз ар-ұятымның алдында үнсіз таразылау үшін жасаймын. Қандай іс тындырдым? Кімге пайдам тиді? Қандай мүмкіндікті пайдалана алмадым? Қай тұста кемшілік жібердім? Ертең бүгінгіден жақсырақ болу үшін не істеуім керек? Осындай сұрақтар адамды тоқмейілсуден сақтап, үнемі ізденуге жетелейді. Бүгінгі жеткен биігің – ертеңгі жолыңның соңы емес, керісінше, жаңа жауапкершіліктің бастауы. Бүгін сол үнсіз есептің бір бөлігін жұртшылықпен бөлісуді жөн көрдім. Бұған себеп те бар.

Ұстаздық жолындағы көп жылғы еңбегім мемлекет тарапынан бағаланды. Биыл Республика күні қарсаңында Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын алу бақыты бұйырды. Бұл – мен үшін өмірімдегі ең айтулы сәттердің бірі. Ақорда төрінде мемлекеттік марапатқа ие болу, Президент оркестрінің салтанатты әуені, Қарулы Күштер сарбаздарының сап түзеп құрмет көрсетуі – бәрі де жүрекке ерекше әсер қалдырды. Мұндай сәттің салмағын сөзбен жеткізу оңай емес. Өйткені ол жерде жеке адамның қуанышынан гөрі тұтас бір ғұмырдың, жылдар бойғы еңбектің, таңдаған мамандығына адалдықтың мәні басым тұрады.

Бір қызығы, марапатты Мемлекет басшысының қолынан алған сәтте мен өзім ойлағандай қатты толқымадым. Бәрін сабырмен қабылдадым. Мүмкін, бұл марапатты ұзақ жылдар бойы күткендіктен болар. Мүмкін, адам еңбегінің бағаланатынына іштей сенгендіктен шығар. Әлде сол сәтте көңілімде толқудан гөрі терең бір тыныштық орнады ма екен? Бірақ салтанатты рәсім аяқталып, өз ойыммен оңаша қалған кезде жүрегімнің түкпірінде жатқан ең аяулы естеліктер оянды. «Бір қызым мұғалім еді. Енді бір ұлым мұғалім болса деп армандаушы едім» деп, қуаныштан көзіне жас алған анамның бейнесі көз алдыма келді. Сол сәтте Ақорда төрінде алған марапатымның мәні мен үшін мүлде басқаша ашылғандай болды. Кеудемді бір сағыныш кернеді...

Өмірде әркімнің өз жолы бар. Біреу биікке ерте көтеріледі, біреу ұзақ ізденеді. Біреу еңбегінің жемісін көреді, біреу сол жемістің дәмін тата алмай кетеді. Алайда адал еңбектің ешқашан мәнін жоғалтпайтынына сенемін. Оның нәтижесі кейде марапатпен өлшенсе, кейде шәкірттің жетістігімен, кейде бір адамның алғысы немесе жүрегінде қалған жақсы естелікпен бағаланады.

Менің де бар тілегім – осы жолда жинаған тәжірибем мен жеткен жетістіктерім кейінгі буынға үлгі болса екен. Жас ұстаздар мамандығына сеніммен қарап, еңбектенудің қадірін түсінсе екен. Атақ пен марапатты мақсат етпей-ақ, өз ісіне адалдық танытып, білім мен тәрбиені қатар ұстанса екен деген ой. Өйткені ұстаздың шынайы абыройы – оның атағында ғана емес, шәкіртінің жүрегінде қалдырған ізінде.

Бүгінгі қуанышым бір адамның ғана қуанышы емес. Бұл – мені тәрбиелеген ата-анамның үміті, бірге еңбек еткен әріптестерімнің еңбегі, ұстаздық жолда маған сенім артқан жандардың қолдауы, шәкірттерімнің жетістігінен алған рухани қуанышымның ортақ жемісі.

Өміріме көз жүгірткенде, тағдырыма өкпе артар тұсымнан гөрі шүкір етер сәттерімнің көп екеніне қуанамын. Ата-анамның тәрбиесін көрдім. Армандаған мамандығыма қол жеткіздім. Елге қызмет еттім. Шәкірт тәрбиеледім. Ұжыммен бірге талай істі атқардым. Еңбегім еленді. Мұның бәрі – маған берілген бақ пен аманат. Ендігі мақсатым – сол аманатқа адал болу.

Адал еңбек адамды биікке көтереді. Ал сол биікте адам болып қалу – одан да үлкен міндет.

Ернұр ОМАРХАНОВ,
Астана қаласы №8 мектеп-лицей директоры,
«Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы»
құрметті атағының иегері

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮЛЕТКЕН ҰРПАҚПЫЗ

1991 жылдың 16 желтоқсанында тәуелсіздік алдық. Бұл уақытта мектеп оқушысымыз. Ал келесі 1992 жылы туған мектебім аралас мектепке айналды. Анығын айтқанда, бұған дейін орыс тілінде ғана білім беріп келген оқу орнында қазақ сыныптары ашылды. Қазір ойлап отырсам, мен үшін Тәуелсіздік тарихы дәл сол уақыттан, тура осы оқиғадан басталады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Сол жылы 8-сыныпқа көшкен едік. Қыркүйек туғанда оқу сыныбына жиналдық. Мұғалімдеріміз бір парақ қағаз беріп: «Аты-жөндеріңді, таңдаған оқу тілін көрсетіп жазыңдар» деді. Сырлыгүл деген сыныптасымыздан басқа қазақ балалары бұдан былай ана тілімізде оқимыз деп шештік.

Әрине, «алып кете аламыз ба, болашақта не анда, не мұнда жоқ болып қалмаймыз ба?» деген қорқынышымыз болды. Тіпті Рүстем деген сыныптасыммен орысша оқи берейік деп келіскенбіз. Бірақ ақыр соңында ол ойымыздан айныдық. Айныған дұрыс болыпты, өз басым еш өкінбеймін.

Бір қызығы, сол шешімді 13 жастағы бала болсақ та, өзіміз қабылдаған сияқтымыз. Ата-аналарымыздан ешкім сұрамаған секілді. Өз анам ертеректе өмірден өтіп кетті, ал әкемнен бұған қатысты ешқандай әңгіме естімедім.

Сол 8-сыныптан бастап қазақша оқыдық. 1996 жылы Жезқазған облысы (қазіргі Ұлытау облысы) Жаңаарқа ауданы Айнабұлақ ауылының орта мектебін қазақша бітірген тұңғыш түлектер атанып, ауыл тарихына «алтын әріптермен» жазылдық. Биыл Тәуелсіздігімізге 35 жыл толса, сол оқиғаға да 30 жыл болып отыр.

Аға-апаларымның бәрі орысша білім алды. Үйдегі тоғыз баладан қазақ мектебін бітірген жалғыз өзім. Сыныптастарымның арасында да менен басқа сөз өнерін қуғандар жоқ. Қазір ойлаймын, егер қазақша оқымасам, осы күні қайда жүрер едім деп. Журналист болсам да, бәлкім, тек қана орысша жазар ма едім?

Бір айта кетерлігі, 8-сыныпқа дейін орысша оқығанымызбен, үйде қазақша сөйледік. Қара көз сыныптастармен де негізінен ана тілінде тілдесетінбіз. Сол тәрбиеден де қазақ боп туып, қазақ боп келе жатырмыз. Десек те, мектебімізде қазақ сыныптары ашылмаса, «қара орыс» болып жүрер ме едік?

Бұл – айналайын Тәуелсіздіктің арқасы! Біз Тәуелсіздік түлеткен ұрпақпыз. Әйтпесе, ауылымыздың шежіресі Тың игеру тарихынан басталады. 1955 жылы ауылымызға жан-жақтан әртүрлі ұлттарды қаптатты. Содан кейін қазақ мектебінің қажеті жоқ деп шешіп, орыс мектебін ғана ашты. Не керек, 1992 жылға дейін ауылымыздағы барлық бала сол мектепте орысша оқып келді ғой...

Қазір қара көздерімізден «Балаларымыз орысша сөйлейді» деген ренішті көп естиміз. Әртүрлі себеппен перзенттерін орыс мектебіне беретін қандастарымыз да баршылық. Бұл – жеке өзіміз болып та, ел болып та шешетін үлкен мәселе.

Бастысы, Тәуелсіздігіміз баянды болсын! Ел аман, жұрт тыныштық ұрпақ тәрбиесін естен шығармай, өркендей берейік!

ҚҰДАЙЫ АСТА ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау күллі әлемнің Раббысы Алла Тағалаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!



Біз – «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» деген қағиданы берік ұстанған ұлтпыз. Халқымызда «Уықты басқұр сақтайды, халықты дәстүр сақтайды» деген аталы сөз бар. Расында құдайсыз қоғам құру басты идеологияға айналған кешегі кеңес заманында дініміз бен салтымызды сақтап қалуға дәстүріміз күшті ықпал етті. Ел арасындағы діни құлшылықтар халқымыздың дәстүрлі рәсімдері ретінде қабылданды. Оны жұртымыз жақсы біледі.

«Жақсы заңың болғанша, жақсы дәстүрің болсын» деген қанатты сөздің мәнін күн санап түсініп келеміз. Шариғатымыз халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптарға ешқашан тыйым салмаған. Ғұрыппен әмір ету – дініміз рұқсат берген істің бірі. Оған қасиетті Құран Кәрімдегі: «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен әмір ет...» деген «Ағраф» сүресінің 199-аяты дәлел ретінде жеткілікті.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Исламға дейін әдет-ғұрыптан пайда болған, яғни өмірдің өзі туғызған шариғат негіздеріне қайшы келмейтін дәстүрге тыйым салмады. Ал қазіргі кезде салт-дәстүріміздің қайнаркөзі болған жиын-тойларымыз ғұрпымыз бен шариғатымызға сай өтіп жүр ме? Бұл дін мен дәстүрді ел ішінде ұдайы насихаттап жүрген бізді, дін қызметкерлері мен имамдарды ойландырмай қоймайды.

Халқымыз «Мал – баланың шашуы» дейді. Жұртымыз дүниеге сәби келісімен «шілдехана», «бесікке салу», «қырқынан шығару», уақыт өте келе «тұсау кесу», «сүндет той», «атқа мінгізу», «тоқым қағар», «тілашар» сияқты тойларын жасап, қуанышы мен қызығын ағайынмен бірге өткізген. Шілдехана тойын мұсылмандық дәстүр деп айтсақ та болады. Яғни ақиқаның бір көрінісі іспеттес. Ақиқа – нәресте дүние есігін ашқанда Алла Тағаланың ұрпақ беру нығметіне шүкіршілік ретінде сойылатын құрбандық түрі. Демек қазақтың шілдеханасын шариғаттан шет кетпеген ұлттық салт деуге болады. Одан кейін үйлену, қыз ұзату тойлары, қазіргі уақыттағы әулет үлкендерінің мерейтойлары, қоныстой бар, қарап отырсақ, қазақтың тойшыл халық екені осыдан-ақ көрінеді. Алайда «Той десе, қу бас жерге домалайды» дейтін халқымыз тойшыл келгенімен, ысырапшыл болмаған. Торқалы тойында да, топырақты өлімінде де аталарымыз ас та төк мал шашуды құп көрмеген.

Қасиетті Құран Кәрімнің «Фұрқан» сүресінің 67-аятында: «Олар мал-дүниені жұмсағанда ысырап та етпейді, сараңдық та істемейді, осы екеуінің ортасын ұстайды» деп баяндалғандай, бұрынғылардың ысырапты да ескергені, сараңдыққа да бой алдырмағаны даусыз.

Имам Журжани (Алла оны рақымына алсын): «Ысырап – көп мөлшердегі мал-мүлікті пайдасыз нәрсеге жұмсау, шығын шығару шегінен асып кету. Кейбіреулердің айтуынша, ысырап – адамның өзіне рұқсат етілмеген нәрсені жеуі немесе рұқсат етілген тағамды қажеттіліктен тыс тұтынуы. Ысырап – белгілі бір мөлшерден асып кету, яғни өзіңе берілген несібенің қадірін білмеу және оны қажетсіз артық жұмсау. Бұл – бейберекет шашу» деп түсіндірген.

Ысырапқа қатысты тағы бір келеңсіздік – құдайы астардағы дастарқан мәзірінің тойдан кем жайылмауы. «Қазалы үйде қазан көтерілмесін» деген игі дәстүр еліміздің кейбір ауылдарында әлі күнге сақталған. Шын мәнінде бұл – қара жамылған шаңырақ үшін материалдық һәм рухани қолдау. Өйткені жақынын жоқтап отырған адамның уайым тұңғиығына еніп кетпеуі өте маңызды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы осыған дейін «Ас беру мәдениеті» құжатын қабылдады. Аталған құжат ҚМДБ жанындағы Ғұламалар кеңесінің бірнеше мәжілісінде талқыланып, бекітілгенін ерекше атап өткен жөн. Ол құжатты қабылдаудағы негізгі мақсат – Қазақстанның барлық аймағында шариғат шеңберінде, салт-дәстүрімізді ескере отырып, отбасылардың әлеуметтік жағдайына салмақ салмайтын және ысырапқа жол бермейтін құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыру және насихаттау. Құдайы ас беру ата-бабамыздан келе жатқан халықтық дәстүр мен ұлттық мәдениетіміз болғандықтан, оның бүгінгі заман талабына сай кейбір тұстарын бір ізге келтіріп, келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Құжатта құдайы ас берудің тарихи мәні, анықтамасы, дін мен дәстүрдегі орны, өзектілігі жан-жақты сараланып, тәптіштеп түсіндірілді. Сондай-ақ құжатта құдайы ас беру мәдениетінің негізгі жеті тірегі ұсынылды. Жеті тірек ішінде шынайы ниет ету, құдайы асқа жиналу, Құран оқу, бата беру және дұға жасау, ысырапқа жол бермеу, құдайы аста уағыз-насихат айту, марқұмды еске алу және қаралы отбасын жұбату, құдайы аста қарапайымдылықты сақтау сынды мәселелер қамтылды.

Болашақ ұрпақ үшін дұрыс бағдар беріп, жөн сілтеу мақсатында дәстүрлі діни жөн-жоралғыларымызды шариғи һәм ғылыми тұрғыдан саралап жүзеге асыру – заман талабы. Қоғамда көрініс тауып отырған, шариғат пен дәстүрге сәйкес келмейтін шындығынан жорамалы басым, пайдасынан зияны көп кейбір әдеттердің ел арасында етек жая бастауы баршамызды алаңдатып отыр. Әсіресе, қайтыс болған кісіні арулап жер қойнына тапсырып, жаназасын шығарғанда, жетісі, қырық күндігі, жыл толуына байланысты дастарқан жайылғанда дінімізде нақты талап етілмеген, салт-дәстүрімізге сай келмейтін, ақырет үшін пайдасыз кейбір әдеттер қоғамда белең ала бастады. Мысалы, жақынынан айырылып отырған қаралы шаңырақ «көпшілікке ас беру – перзенттік міндетіміз» деп ас та төк дастарқан жайып, шектен тыс шығынға батуда. Бұл орташа табысы бар көптеген отбасыларға ауыртпашылық тудыратыны сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күні еске алу іс-шараларын ұйымдастыру мәселесі өзекті тақырыптың біріне айналды.

Ауқатты отбасылар құдайы асқа ірі қара сойып, құрбан шалып жатқанда, жағдайы төмен және орташа отбасылардың одан қалысқысы келмейтінін түсінікті. Осыдан кейін жұрттан қарыз алып, қауғаланып «парызымды орындаймын» деп дүниеден өткен жандарға ас беріп, шығындалып жүргендер де жоқ емес. Ал шын мәнінде ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Жеңілдетіңдер, ауырлатпаңдар, сүйіншілеңдер, қорқытпаңдар!» деген.

Бүгінгі күні осы сынды жағдайлар реттелмесе, жыл өткен сайын бұл мәселе күрделене түсуі мүмкін. Сол себепті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы осы рәсімдерді реттеп, бір жүйеге келтіретін арнайы құжатты ел назарына ұсынды.

Ең алдымен құдайы астың негізгі мәні көпшіліктің басын қосып марқұмға Құран бағыштап, дұға жасау, Алла Тағаланың мейірімін, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шапағатын тілеу, пендешілікпен өткен қателіктері мен күнәлары үшін Жаратқаннан жарылқау сұрау екенін ұмытпау қажет. Ата-бабамызды құрметтеу, олардың салған изгі жолын қадірлеу – әрбір ұрпақтың қастерлі борышы. Өйткені ата-бабалардың жүріп өткен жолы – бүгінгі ұрпақтың рухани тұғыры. Ислам діні бұрын өткен игі буынды құрметтеп, оларды жақсы сөзбен еске алуға үндейді.

Ислам құқығында «Үкімдер уақыт пен мерзімнің өзгеруіне қарай өзгеріске ұшырайды» деген маңызды қағида бар. Сондықтан жаңа заман талабына сай кейбір әдеттер мен дағдылардың өзгеруі – заңды құбылыс. Қазіргі кезде бүкіл әлемде қоғамның ақпараттық бет-бейнесі күрт өзгеруде. Ақпараттық технологияның санаулы жылдардың ішінде қарыштап дамып, қоғамдық көзқарас пен түсініктің де күрт өзгеріп кетуі бұрынғы өмір сүру дәстүрлерін сол қалпында ұстануға мүмкіндік бермейді. Тек тарихи қалыптасқан жолды ғана ұстанумен шектеліп, жаңа талаптарға бейімделмеген халықтардың қоғамға ілесе алмай, көптеген қателіктерге бой алдырып жатқаны белгілі. Дәл сол секілді құдайы ас беру мәдениетін де заман мен қоғам талабына сәйкестендірудің қажеттілігі туындап отыр. «Құдайы ас» берудің түпкі өзегін, мәнін сақтай отырып, жаңаша сипатқа көшудің маңызы осында. Құдайы астағы дастарқан мәзірін бекітіп, сол мәзірге халықтың бірауыздан келісуі маңызды. Құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыратын бірізді ереже қабылдап, оны жан жақты дәріптеп жатқанымыз сондықтан. Бұл құжат бүгінгі қоғамдағы рухани ынтымақ-бірлікті сақтауға және заман талаптарымен санасуға ықпал етуде. Аллаға шүкір, қала мен өңірдегі мешіт жанынан ашылған асханаларда ҚМДБ бекіткен құдайы ас мәзірі бойынша дастарқан жайылып, бұл бастама көпшілік тарапынан үлкен қолдауға ие болуда.

Қорыта айтқанда, той мен құдайы аста қонаққа жайылатын дастарқанда ысырапқа, бос мақтанға жол берілмеуі керек. Сондай-ақ әрбір жиынның белгіленген уақытта басталуы да – адамдардың уақытына құрметпен қараудың белгісі. Түптеп келгенде, ол да – әдеп пен мәдениетіміздің бір бөлігі. Хақ Тағала Құран Кәрімде: «...Ішіңдер, жеңдер, алайда ысырапқа жол бермеңдер. Өйткені Алла Тағала ысырап етушілерді жақсы көрмейді» деген («Ағраф» сүресі, 31-аят). Алла Тағала біздердің асыл дінімізді берік ұстап, салтымызды сақтаған, дәстүрін құрметтеген ұрпақтан болуымызды нәсіп еткей! Уақыты мен ішіп-жемінде, дүниелік істерінде ысыраптан сақтап, дінге адал, дәстүрге берік қазақ жұртына амандық бергей. Әмин!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

Елордадағы Қазтұтынуодағы жоғары колледжінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Адал азамат – тәуелсіз мемлекет тірегі» тақырыбында тағылымды кездесу өтті. Жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері Дархан Мыңбай мен Нұртөре Жүсіп (Қазақстан Халық кеңесінің мүшесі) қатысып, студенттермен ой бөлісті.

АДАЛ АЗАМАТ – ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

Кездесудің негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бойында адалдық, әділеттілік, жауапкершілік пен отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және азаматтық ұстанымын нығайту.

Кездесу барысында Нұртөре Жүсіп жастардың алдында тұрған екі маңызды міндетке тоқталды. Оның айтуынша, әрбір жас кәсіби білікті маман болумен қатар, ең алдымен, адамдық қасиетін жоғалтпауы керек.

– Жастардың алдында екі үлкен міндет бар. Біріншісі – мамандық игеріп, кәсіби білікті маман болу. Екіншісі – адам болу. Ең басты ұстаным – адам болып дүниеге келу, адам болып өмір сүру және адам болып өмірден өту. Адамдық қасиетіңді, біліміңді, ақылың мен парасатыңды айналаңдағы адамдармен қарым-қатынасың арқылы көрсете білуің керек, – деді ол.

Сондай-ақ қаламгер «Адал азамат» ұғымының мәніне тоқталып, оның Абайдың «Толық адам» ілімімен үндесетінін атап өтті. Оның пікірінше, адал азамат – ешкімге қиянат жасамайтын, зорлық-зомбылықтан аулақ, мәдениетті, парасатты және елге қызмет етуді мұрат тұтқан тұлға. Мұндай қасиеттер жас буынның бойынан табылуы тиіс.

Нұртөре Жүсіп қоғамдағы адалдық пен әділеттіліктің маңызын да ерекше атап өтті. Оның айтуынша, мемлекет дамуының басты шарттарының бірі – әділетті қоғам қалыптастыру. Ал оған жетудің жолы әр азаматтың адалдықты өмірлік ұстанымына айналдыруынан басталады. Осы орайда жастарды көп оқуға, үздіксіз ізденуге және кітаппен дос болуға шақырды.

– Жастар өте білімді болуы қажет. Ол үшін көп оқу, іздену, кітаппен дос болу керек. Өмірде адамның досы көп болуы мүмкін. Бірақ кітаппен дос болсаңдар, өмір бойы адал дос таптым деп есептеуге болады. Кітап сендерге жаңа есіктер ашады, мүмкіндіктеріңді кеңейтеді, қиялдарыңды дамытады, өмірлеріңе нұр береді, – деді қаламгер.

Ал Дархан Мыңбай өз сөзінде адалдық пен әділеттіліктің қоғам өміріндегі орнына кеңінен тоқталды. Оның пікірінше, адалдық тек қоғамдық қатынастарда ғана емес, адамның достығында, қызметінде, күнделікті тіршілігінде, тіпті ойында да болуы керек.

– Адалдық деген не? Адал адам кімге, не үшін керек? Меніңше, адал адам барлық жерде қажет.



Достықта да, қызметте де, күнделікті өмірде де адалдық болуы керек. Тіпті адамның өз ойында да адалдық болғаны жөн. Адалдық бар жерде ғана әділеттілік орнайды, – деді ол.

Сонымен қатар қоғам қайраткері әділеттілікті мемлекеттің «денсаулығымен» салыстырып, оның ел дамуы үшін айрықша маңызға ие екенін атап өтті. Жастарды қоғамдық өзгерістерге бейжай қарамай, өз ортасында әділеттілік пен адалдық қағидаттарын орнықтыруға үлес қосуға шақырды.

Дархан Мыңбай жастардың еркіндігі мен жауапкершілігі туралы да ой қозғады. Оның айтуынша, еркіндік дегеніміз – әдепсіз сөйлеу, аузына келгенді айту немесе әлеуметтік желідегі теріс әдеттерге еліктеу емес. Нағыз еркіндік – өз ойын ашық жеткізу, таңдауы үшін жауап беру, білім мен мәдениет арқылы тұлға ретінде қалыптасу.

Сондай-ақ ол заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдаланудың маңызын түсіндірді. Қазіргі смартфонды тек ойын-сауық құралы ретінде қабылдамай, оны білім алуға, табыс табуға, түрлі жобаларды жүзеге асыруға және байқауларға қатысуға мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастыру қажеттігін айтты.

Кездесу барысында жастардың білімге құштарлығы, уақытты тиімді пайдалануы, қоғамдық белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігі мәселелері де сөз болды. Қонақтар студенттерді берілген мүмкіндіктерді бағалауға, үздіксіз ізденуге және ел дамуына үлес қосатын білікті маман әрі адал азамат болып қалыптасуға үндеді.

Кездесу соңында студенттер қонақтарға көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды. Диалог форматында өткен жүздесу жастардың ой-пікір алмасуына, қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылауына мүмкіндік берді.

№141 (5039) 28/11/2026 Сенбі

КЕЛЕШЕККЕ ҚАНДАЙ МАМАНДЫҚ ҚАТ?

Олжас ЖОЛДЫБАЙ



Қазір – ғылым мен технологияның дәуірі. Бәрі өзгеріп жатыр. Күніне жүз жаңалық, мың әдіс көретін болдық. Цифрлық үдерістер, ЖИ дамыған сайын мамандықтар да сұрыптала бастағандай.

Елордада Alem AI – Орталық Азиядағы алғашқы ЖИ орталығы жұмыс істеп тұрғаны белгілі. Бір жолы мамандықтар, жаңа технология жиынына барған едік. Сонда байқағанымыз, адамша ойлайтын роботтардың жаңа үлгілері көрсетіліп, жұрттың іс-әрекетін бақылайтын дрондардың неше атасы таныстырылды. IT мамандар жалпы өнертапқыштардың істеп келген тәжірибелерімен бөлісті. Барлық жаңа технология жұмырбасты пенденің жүріп-тұрғаны, сөйлеген сөзін, көзқарасын, ойын бақылау, қалт кетсе дер уақытында жауапқа тартуға негізделгендей көрінді. Құдды бір АҚШ, Еуропаның шытырман, экшн, фантастикалық фильмдерінде роботтар әлемде ойқастап, адамзатқа қарсы шығып, көліктер аспанға ұшып, суда жүзіп, адам небір технологияның күшімен биік қабатты үйлерге ытқып-қонып, атыс-шабыс көз алдымызға елестетіп қайттық.

Таяуда Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев мамандықтарға байланысты баяндама жасаған еді. Оның сөзінше, 2035 жылға дейін экономиканың кадрларға қажеттілігі 2,9 млн адамды құрайды. Оның ішінде жұмысшы мамандықтары бойынша 1,8 млн маман қажет екен. Жоғары сұраныс өнеркәсіпте, құрылыста, ауыл шаруашылығында және IT саласында болмақ. Ең сұранысқа ие кәсіптердің тізбесі 51-ден 174 кәсіпке дейін жаңартылуда екен. Инженерия, құрылыс, өңдеуші өнеркәсібі, биотехнология, жасыл және ядролық энергетика салалары екпін алатын көрінеді.

Сонымен бірге, технологиялар мен жасанды интеллект еңбек нарығы өзгеріп, кейбір кәсіптер жойылатын сыңайлы. Кәсіптердің басым бөлігі трансформацияланып, қызметтің мүлде жаңа бағыттары пайда болмақ екен. Демек, ЖИ-дің пайдалы тұсымен қатар, біраз мамандықты жойып, зиянды жақтары болатынын байқатып отыр.

Бүгінде басқаны айтпағанда, елорда көшелерінде «робот-курьер» пайда болды. Бұл бұған дейін мыңдаған адамға, соның ішінде студенттер жастарға таптырмас ыңғайлы мамандық еді. Оны да робот жеткізіп берсе, тағы бір мамандық ендігі 5-10 жылда көзден ғайып болмасына кім кепіл?! Ал мұның салдарынан қанша жан нәпақадан айрылатыны айтпаса да түсінікті ғой.

Астана қаласының тұрғыны, физика-математика пәнінен 40 жыл ұстаздық еткен ардагер ұстаз Қалдығайша Байназарова ЖИ-ға сенгенше, миға сенген дұрыс, сонда ғана мамандықтарды үздіксіз жойылудан сақтаймыз деп пайымдайды.

– Әрбір жаңа технология шыққан сайын адамның жұмысын жеңілдетуді көздейді екен. Бұрын ағылшын, қытай, түрік, араб тілдерін үйреніп, жазу-сызу, суретке түсіріп, бейне жасау, белгілі бір мекенжайды анықтау үшін адам өзі ізденетін. Қазір сан-салалы істі ЖИ-дің өзі-ақ атқара бастады. Тіпті, ақын-жазушылар керек еместей көрінеді. Жасанды интеллектің көмегімен небір шығарма жаза бастапты. Мұның түбі не боларын кім білсін?! Бірақ, адамның сезімінен туып, ой елегінен өтетін дүниені адам өзі жазғаны құба-құп болар. Мамандықты былай қойғанда, шығармашылық салаға ауыз салу тым артық деп білеміз. Бір таңғалатыным, роботты неге шахтаға, құрылысқа, ауыр жұмыстарға салмасқа? ЖИ-ді тек көмекші құрал, ақпарат іздейтін, сөйлемді түзейтін, деректерді өңдейтін және т.б. салада қолданған жөн шығар. Ал психологтың көмегін ЖИ сұрап, сол бойынша жүріп-тұру қажет емес болар. Бала-шағамыз тапсырманы ЖИ-дің арқасында орындап жүр. Болашақта мұғалім, дәрігер, полиция, журналист сияқты көрнекті мамандықтар керек болмай, оның орнын робот басып кетіп жүрмесе екен. Турасын айтқанда, ЖИ-ға емес, миға сенген дұрыс, – деді елорда тұрғыны.

Былтыр Мемлекет басшысы АҚШ-қа сапарында ЖИ көмегімен жаңа мамандықтарды игеріп, стартап жасап жүрген қазақ жастарымен кездескен еді. Сол жүздесуде Call2action.ai компаниясының негізін қалаушы әрі бас директоры, стартапер Ерсұлтан Жүнісақынов та қатысып, Президентке өз жобасы жөнінде баяндаған. Ал біз жаңа жобаның негізін қалаушымен байланысқа шығып, болашақ мамандықтар туралы пікірін білген едік.

– Қазір мамандық таңдаудан қателеспеу керек. Өйткені болашаққа керекті мамандықтар сұрыпталып, барлығы цифрлық дәуірге, жасанды интеллектіге бейімделіп жатыр. Сондықтан жойылатын мамандыққа емес, бүгінге қажет салаға барған абзал. АҚШ-та қазақстандық AI, финтех, логистика, HR-tech бағытында стартаптар жұмыс істеуді бастады. Біздің мамандар Google, Apple, Meta, Tesla, Amazon секілді алпауыт компаниялардың жұмысын ілгерілетіп отыр. Қазақстаннан шыққан бірнеше фаундер «Кремний алқабындағы» акселераторлардан өтіп, инвестиция тартып, жаһандық деңгейдегі өнімдер жасап келеді. Әлем қазақстандық инженерлер мен IT мамандарын жоғары бағалайды. Себебі біздің жастарда табиғи техникалық қабілет, табандылық, еңбекқорлық, үлкен амбиция бар... Жерлестеріміз көбірек жасанды интеллект пен IT саласына қызықса дейміз. Себебі қазақ өнертапқыштары АҚШ-та да, әлемде де өз орнын тауып келеді. Ең бастысы, нәтижеге еңбек етіп, тоқтап қалмау қажет. Қалғанының бәрі уақытпен іске асады деп ойлаймын, – деп түйді АҚШ-та тұратын қазақтың өнертапқыш стартаперi.

Тоқетері, Дүниежүзілік экономикалық форум порталындағы деректерге сүйенсек, алдағы уақытта «дәрігер», «инженер», «білім беру», «сантехник», «энергетик», «су ресурстары мамандары», «тәрбиешілер» сияқты бірқатар сала өкілдері сақталатынын дәйектепті. Қалай десек те, адамға тиесілі мамандық сақталып, ал атқара алмайтын ауыр жұмыс робот, жасанды интеллект көмегіне сүйенсе, құба-құп болар еді.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУ НЕГЕ ЖОҚ?

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Соңғы кездері Қазақстанда халық санының табиғи өсіміне, туу көрсеткішіне қатысты алаңдаушылық күшейді. Әсіресе биылғы статистикалық мәліметтер бұл мәселеге қазірден бастап баса назар аудару қажет екенін анық аңғартты. Бұл уақытша құбылыс па, әлде алдағы жылдары елдің демографиялық дамуына әсер ететін ұзақ мерзімді өзгерістің бастауы ма? Бізді осы мәселе толғандырады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2026 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Қазақстанда 226 990 сәби дүниеге келген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 22,3 мың нәрестеге, яғни 9 пайызға аз. Бір қарағанда, бұл жай ғана статистикалық айырмашылық болып көрінуі мүмкін. Алайда соңғы бес жылдағы көрсеткіштерді де салыстырсақ, мәселенің ауқымы әлдеқайда терең екенін аңғарылады. Мәселен, 2021 жылы еліміздe 445 875 бала дүниеге келіп, ел тәуелсіздік алғаннан бергі ең жоғары көрсеткіш тіркелді. Сол кезеңдегі туу көрсеткішінің күрт өсуіне коронавирус пандемиясының ықпал еткені айтылып жүр. Алайда одан кейінгі жылдары демографиялық өсім бәсеңдей бастады. 2022 жылы 403 893, 2023 жылы 388 428, 2024 жылы 365 923 сәби дүниеге келсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 335 мыңға дейін төмендеген. Осылайша, бес жылдың ішінде жыл сайын дүниеге келетін балалар саны 110 мыңнан астамға қысқарған. Демек, Қазақстандағы туу көрсеткішінің кемуін бір жылдың немесе бір тоқсанның шеңберінде қарастыратын мәселе емес.

Демографиялық ахуалға тек дүниеге келген сәбилердің санымен өлшенетін көрсеткіш ретінде қарауға болмайды. Халық саны мен оның жас құрылымы мемлекеттің экономикалық қуатына, еңбек нарығына, әлеуметтік жүйесіне, тіпті халықаралық бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер етеді. Бүгін дүниеге келген бала – ертеңгі еңбек күші, салық төлеуші, маман және елдің қоғамдық-экономикалық дамуына үлес қосатын азамат екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан туу көрсеткішінің төмендеуінің соңы еңбек күшінің азаюына, халықтың қартаюына және әлеуметтік жүктеменің артуына әкеледі.

Әрине, Қазақстан – әзірге халық саны табиғи өсіп жатқан мемлекеттер қатарында. Дегенмен туу көрсеткішінің бірнеше жыл қатарынан төмендеуі алдағы жағдайды бүгіннен бастап ойластыру керектігін көрсетеді. Өйткені демографиялық саясаттың нәтижесі бірден байқалмайды. Оның зардабы ондаған жылдардан кейін көрінетінін естен шығармаған жөн.

Баса айтатын бір түйін, туу көрсеткішінің төмендеуіне әсер ететін себептерді тек жастардың отбасын кеш құруымен немесе көпбалалы болуға құлықсыздығымен түсіндіру дұрыс емес. Бұл мәселеге әлеуметтік-экономикалық жағдай тұрғысынан да қарау қажет. Қазіргі жас отбасылар үшін баспана алу, тұрақты жұмыс табу, күнделікті шығындарды өтеу, баланың сапалы білім алып, медициналық көмекке қол жеткізуін қамтамасыз ету оңай емес. Әсіресе ірі қалалардағы тұрғын үй бағасы мен жалдау ақысы, балабақша тапшылығы, бала күтіміне байланысты қаржылық қиындықтар отбасылардың көптеген шешіміне ықпал етті. Жастардың қалаға қарай ағылуы, тұрмыстық шығындардың көбеюі отбасын құрудың тәртібіне де өзгеріс әкелді. Бұл – мемлекеттік тұрғыдан назар аударатын мәселе.

Туу көрсеткішінің төмендеуі – тек бізде ғана емес, көптеген дамыған мемлекеттер бетпе-бет келіп отырған мәселе. Бір кездері халық санының көптігімен ерекшеленген, бала тууды заңмен шектеген Қытай қазір демографиялық дағдарыстың салдарын сезіне бастады. Нәтижесінде, ел билігі халықты бала тууға ынталандыру үшін түрлі шараларды қолға алды. Тіпті бала тууды патриоттық міндет ретінде насихаттап, жас жұбайларды отбасын құрып, ұрпақ өрбітуге шақырды. Алайда әкімшілік және насихаттық шаралар қазірге дейін күткендей нәтиже берген жоқ. 2025 жылы Қытайда дүниеге келген балалар саны 7,92 миллионға дейін азайды. Бұл 2024 жылғы 9,54 миллион көрсеткіштен айтарлықтай төмен. Ал қайтыс болғандар саны 11,31 миллионға жетті.

> Демографиялық ахуалға тек дүниеге келген сәбилердің санымен өлшенетін көрсеткіш ретінде қарауға болмайды. Халық саны мен оның жас құрылымы мемлекеттің экономикалық қуатына, еңбек нарығына, әлеуметтік жүйесіне, тіпті халықаралық бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер етеді

Осылайша, өлім-жітім деңгейі туу көрсеткішінен төртінші жыл қатарынан асып түсті. Қытайдағы бұл жағдай бізге «бала тууға шақыру арқылы немесе үгіт-насихатпен демографиялық ахуалды түбегейлі өзгерту мүмкін емес» екенін анық аңғартты.

Әрине, Қазақстанның демографиялық артықшылығы – халықтың салыстырмалы түрде жас құрылымы мен табиғи өсім әлеуетінде. Алайда бұл артықшылық ұзақ уақыт бойы тепе-теңдігі сақталып тұрмайды. Оны тиімді пайдалану үшін жүйелі саясат қажет. Халық санының өсуі – елдің стратегиялық әлеуетін айқындайтын маңызды факторлардың бірі. Ал демографиялық тұрақтылықтың негізі – отбасылардың әл-ауқаты мен жастардың болашаққа деген сенімі басты орында тұратынын естен шығармаған жөн..

Осы тұста тағы бір маңызды мәселені айналып өтуге болмайды. Қазақстанда туу көрсеткіші төмендеп, демографиялық өсім баяулап жатқан шақта шетелдегі этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуына қолайлы жағдай жасау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болуы керек еді. Алайда қандастардың елге қоныс аударуына қатысты түрлі әкімшілік кедергілер мен көші-қон рәсімдерінің күрделілігі бұл үдеріске кері әсер етуде. Қандастар көші тек қана шетелдегі қазақтардың елге оралуы емес. Ол – еліміздің демографиялық әлеуетін арттырудың, еңбек ресурстарын толықтырудың және ұлттық тұтастықты нығайтудың маңызды бір тетігі еді. Қазіргі үкімет осыны ескерсе жөн. Елдің демографиясының тамырына қан жүгірткен екі арнаның қазіргі жайы ойландырады.





ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ОРТАЛЫҚ

Астана қаласындағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы мекемесі ардагерлер мен зейнеткерлер үшін рухани демалыс пен саламатты өмір салтын ұстанудың мекеніне айналды.

Біз барған Р.Қошқарбаев, 29/1 мекенжайында орналасқан орталықта қызу жұмыс жүріп жатыр. Бір бөлмеде, негізінен, ер адамдар шахмат, ұлттық «Тоғызқұмалақ» ойнап отыр, екінші бөлмеде тіл үйреніп жатқандарды көрдік. Мұнда жас еріктілер (волонтерлер) қызмет алушыларды сандық сауаттылыққа үйретеді, компьютерлік курс та бар екен. Өтіп бара жатқанымызда есігі жабық бөлмеден шырқалған ән естіліп жатты, онда вокал мен хор тобының сабағы өтуде.

Жаттығулардың түр-түрі бар: йога, Айкуне, Цигун, би түрлері, скандинавиялық жүріс. Осылардың бәрі зейнеткерлерге көрсетіліп жатқан қамқорлық деп ұқтық.

Үйде қол қусырып, ерігіп отырғанша, орталыққа барып, көңіл көтеріп, өзіңе ұнайтын жаттығуларды елмен бірге жасап, физиологиялық релаксация кабинетінен массаж алып, дем алып қайтқанға не жетсін?!

Мұндай орталықтар Астана қаласының барлық аудандарында (Алматы, Сарыарқа, Есіл, Байқоңыр, Нұра, Сарайшық) ашылыпты. Алматы ауданындағы орталықтың жұмыс жасай бастағанына да біршама уақыт болыпты.

Орталықтың басшысы Нұргүл Талғатқызы: «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы – бұл еліміздегі қадірлі зейнеткерлер мен егде жастағы азаматтардың бос уақытын өте тиімді, қызықты әрі денсаулыққа пайдалы өткізуіне арналған заманауи әлеуметтік кеңістік. Мекемеміздің басты мұраты – қарттарымыздың қоғамдық белсенді өмірге араласуын жан-жақты қолдау, олардың денсаулығын жақсарту және ең бастысы, үлкен кісілерді рухани жалғыздықтан арылту.

Бұл мекен жай ғана уақыт өткізу орны емес, бұл – аға буын өкілдерінің екінші тынысын ашатын, жаңа достар табатын және өздерін қоғамға қажетті сезінетін жылы ұясы. Орталықтағы барлық үйірмелер мен қызметтер зейнеткерлер үшін толықтай тегін жүзеге асырылады, – деп сөзін көтеріңкі көңіл-күймен жеткізіп, басты мақсатын айқын танытты...

Бізді қатты қызықтырған – арт-терапия тобы. Жетекшісі Қожахметова Айгүл Еркінқызы қасына жиналған бір топ зейнеткермен қызу әңгіме құрып отыр. Олардың алдарында нағыз өнер туындылары туындап жатыр. Бірі тоқыма тоқыса, бірі сурет салып жатыр. Біз олармен қызу әңгіме құрып кеттік. Мұнда қалай келдіңіздер дегенімізде, тоқыма тоқып отырған әйел Разиға Дюзкенева:

– Қалай келді деуге себеп жеткілікті. О баста үйдің маңында, далада жалғыз өзім жатырмын, көп әңгіме естіген соң, кең бөлмеде тұрған диванға барып жайғастым. Қасымда өте бір әдемі, жүзінде жылылық байқалатын адам отырды. Бос отырмайын деп, танысып едім, ол кісі бұрын совхозда тұрып, зоотехник болып еңбек еткен екен. Астанаға көшіп келгеніне біршама уақыт болыпты. Өзі сияқты кісілерден естіп, осында келіп жүрсе керек.

Есімі Аманшина Рахима екен, құрдас болып шықты. Ол таяуда ғана орталықтың шақыруымен Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрынан «Жұт» спектаклін көргенін айтып, өз ойымен бөлісті. Актерлердің ойыны, оқиға желісі керемет әсер қалдырыпты. Тарихи дүние болғандықтан, қазақ халқының басынан кешкен сонау жылдардағы қиыншылықты сахнадан көріп, үлкен әсер алса керек.

Қасымызға көңілдері көтеріңкі үш адам келіп жайғасты. Өзара қызу әңгіме құрып отыр. Құлақ түріп тыңдасам, сөздерінің бәрі ән туралы. Таныса келсек, бұлар «Әдемі» вокалдық тобының мүшелері болып шықты.

«Әдемі» вокал тобының мүшелері Арымбаева Алтын, Дүкесова Роза, Танатарова Марсия есімді арулар әңгіме барысында былай деді:

– Алғаш орталық ашылғанда біздер би үйренуге келіп, сонда басымыз қосылды. Бірде біздер жиналып табиғат аясына серуенге шыққанымызда бәріміз бірігіп, ән айттық. Осыдан кейін әңгімеміз ән туралы болды және біздер ән айтқанды ұнататынымыз анықталды. Содан біздер өзіміздің тобымызды құрмақ болып шешім қабылдадық. Бұл күндері біздің тобымызда отызға жуық адам бар. Әнді жақсы көретіндіктен, бар жан-тәнімізбен тобымыздың мерейін көтеру үшін еңбек етіп жатырмыз, – деді.

Олардың бірі – инженер, бірі ұстаз екен. Соған қарамастан бұл кісілердің басын қосқан әнге деген құштарлық.

Бұл топтағылар тек қана ән шырқаумен ғана шектелмейді, біршама көріністер де қойып жүрген көрінеді. Таяуда «Біржан – Сара» ариясынан үзінді көрсетсе керек. Тақырыптық қойылым да баршылық.

Бұл орталықтан күніне қаншама зейнеткер өздеріне қажеттерін алып, жақсы көңіл күймен келіп-кетіп жүр. Кіммен сөйлессең де, барлығының айтатыны – тек ризашылық сезім.

Орталықтың ұжымына, осы орталықты ашқан азаматтарға және үкіметіміздің осындай қамқорлығына барлық зейнеткерлер атынан алғыс айтып, сүйікті орталығымызда өзіміз сияқты құрметті демалыста жүрген жандармен тоғысып, әңгімелесіп, сырласып жүрміз. Жақсы көңіл-күйдің жанға қуат берері сөзсіз.

Баянды ӘЛПИ,
Алматы ауданы Ардагерлер кеңесі медиатобының жетекшісі

ЖАУАПТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ – АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ НЕГІЗІ

Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау – АИТВ инфекциясының алдын алудың маңызды құрамдас бөлігі. Вирустың берілу жолдары туралы хабардар болу, сақтық шараларын сақтау және уақтылы тестілеуден өту жұқтыру қаупін азайтуға және денсаулықты қорғауға көмектеседі.

АИТВ инфекциясы қан арқылы, қорғанышсыз жыныстық қатынас кезінде, сондай-ақ жүктілік, босану және ана сүтімен емізу кезінде анадан балаға беріледі. Сонымен қатар АИТВ инфекциясы күнделікті тұрмыстық қарым-қатынас арқылы берілмейді, яғни қол алысу, құшақтасу, ортақ ыдысты пайдалану, ортақ тұрмыстық заттарды қолдану немесе АИТВ-мен өмір сүретін адамның жанында болу арқылы берілмейді. Осы фактілерді білу негізсіз қорқыныш пен теріс көзқарастардан арылуға көмектеседі.

АИТВ инфекциясының алдын алудың негізгі шаралары

Қорғанышпен жыныстық қатынас. Мүшекаптарды пайдалану АИТВ инфекциясының және жыныстық жолмен берілетін басқа да инфекциялардың жұғу қаупін төмендетеді.

Тұрақты тестілеуден өту. Өз денсаулығына қамқорлық жасайтын әрбір адамға, әсіресе қауіп факторлары болған жағдайда, тестілеуден өту маңызды. АИТВ инфекциясын уақтылы анықтау емдеуді дер кезінде бастауға мүмкіндік береді.

Медициналық және косметологиялық рәсімдердің қауіпсіздігі. Медициналық және косметологиялық қызметтер көрсететін ұйымдар санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына, стерильді құралдарды қолдануға және белгіленген қағидаларға сәйкес бір рет қолданылатын шығыс материалдарын пайдалануға жауапты. Осы талаптарды сақтау АИТВ инфекциясының алдын алудың маңызды шарасы болып табылады.

Есірткі құралдарын қолданудан бас тарту – АИТВ инфекциясының алдын алудың негізгі шараларының бірі. Инъекциялық есірткілерді қолдану кезінде ортақ ине мен шприцтерді пайдалану АИТВ инфекциясын жұқтыру қаупін арттырады.

Медициналық көмекке уақтылы жүгіну. АИТВ инфекциясын жұқтыруы мүмкін жағдай орын алса, қауіп деңгейін бағалау және қатынастан кейінгі профилактика жүргізу мәселесін шешу үшін АИТВ инфекциясының алдын алу орталығына дереу жүгіну қажет. Профилактиканы мүмкіндігінше ертерек, ықтимал қатынастан кейін 72 сағаттан кешіктірмей бастау керек.

Серіктестің денсаулығына жауапкершілікпен қарау. Денсаулық мәселелерін ашық талқылау, өзара сенім және ақпаратқа негізделген шешімдер қабылдау қауіптерді азайтуға және профилактикаға жауапкершілікпен қарауға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта АИТВ инфекциясын антиретровирустық терапияның көмегімен тиімді бақылауға болады. Дәрілік препараттарды тұрақты қабылдау және вирустық жүктеменің тұрақты басылуы АИТВ-мен өмір сүретін адамға толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді. Вирустық жүктеме анықталмайтын деңгейге жетіп, сол деңгейде сақталған жағдайда, АИТВ жыныстық жолмен берілмейді.

Есте сақтаңыз: АИТВ-мәртебеңізді тек тестілеуден өту арқылы білуге болады. Жауапты мінез-құлық, сенімді ақпарат, профилактикалық шараларды сақтау және медициналық көмекке уақтылы жүгіну – денсаулықты сақтаудың және АИТВ инфекциясының таралуын болдырмаудың маңызды шарттары.

Біздің мекенжайымыз: І.Есенберлин көшесі, 5/1 (жұмыс уақыты сағат 8.30-16.42). АИТВ-ға тексерілу үшін қан тапсыру бөлмесінің жұмыс уақыты сағат 8.30-16.30 (үзіліс 13.00-14.00). Жұмыс күндері: дүйсенбі – жұма. Сенім телефоны: 57-67-20, 38-07-02. Сайтымыз: https://www.kazaids.kz/

А.ЖАЙЛАУБАЕВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК алдын алу жұмыс бөлімінің меңгерушісі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 213 қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

1) «Астана қаласындағы Ұлы Дала даңғылы мен ДА-15, ДА-16, ДА-16,1 (жобалық атаулары) көшелерінің шекарасындағы аумақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу» (көппәтерлі тұрғын үй кешендері, пайдаланылатын шатыры бар жерасты автотұрақтары, концерт залы).

Тапсырыс беруші «KZ-Building construction» ЖШС.

2) «Астана қаласындағы Тәуелсіздік даңғылы мен Өлеңті, А.Тоқпанов, В.Шукшин көшелерінің шекарасындағы аумақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу» (көпфункционалды кешендер, мектеп, балабақша, мәдениет үйі, кіріктірілген автотұрақтары бар көпқабатты тұрғын үй кешендері).

Тапсырыс беруші М.Мұхамеджанова.

3) «Астана қаласындағы Нұра-Есіл каналы бойындағы, Қабанбай батыр даңғылы, Әуежай 14 және КА-8 (жобалық атаулары) көшелерінің шекарасындағы аумақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу» (автотұрағы бар көппәтерлі тұрғын үй кешендері, мектептер, әкімшілік ғимарат, жанармай құю станциясы).

Тапсырыс беруші «Нура Орман» ЖШС.

4) «Астана қаласындағы Өндіріс көшесінің оңтүстігінде, С300 және С301 көшелерінің (жобалық атаулары) қиылысында орналасқан аумақты егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу» (№ 1 цех, № 2 цех, дайын металл конструкцияларының қоймасы, техникалық персоналға арналған қызметтік үй-жай, гараж, № 3 цех, модульдік-блоктық қазандық, кешенді трансформаторлық қосалқы станция (КТП), тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) жинау орны, бақылау-өткізу пункті, қойма).

Тапсырыс беруші – «ASTANA Construction N.C.» ЖШС.



1



3



2



4

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 21 желтоқсан, сағат 10:00-де, Сарыарқа даңғылы, 13, 2-қабат (мәжіліс залы) мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде zh.kadyrov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

№141 (5039) 28/11/2026 Сенбі

«ҚОЛА ДОМБЫРАНЫҢ» ИЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Астанада «Кітап оқитын ұлт – зерделі ұлт» тақырыбындағы III республикалық оқушылар айтысы мәресіне жетті. Екі күнге созылған сөз додасында еліміздің әр өңірінен келген 20 жас ақын бақ сынап, үздіктері анықталды.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен дәстүрлі өнер бәсекесін ҚР Оқу-ағарту министрлігі, «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі және ЕҰУ Филология факультеті бірлесіп ұйымдастырды.

10-18 жас аралығындағы жас айтыскерлер кітап оқу мәдениеті, ұлттық құндылықтар, адал азамат, әділетті қоғам, заң мен тәртіп, ұлт бірлігі, мектеп пен ұстаз мәртебесі секілді өзекті тақырыптарды жырға қосты.

Айтыстың қорытындысы бойынша бас жүлде Түркістан облысынан келген Иманәлі Рахымға бұйырды. Бірінші орынды Алматы қаласының өкілі Сыбанқұл Әдемі иеленді. Екінші орын Қостанай облысынан келген Рагат Нұрислам мен Ұлытау облысының ақыны Егеубай Гүлімге берілді. Ал үшінші орынға Шымкент қаласынан Махан Бақдәулет, Алматы облысынан Сәрсенбек Несібелі және Жамбыл облысынан Мирас Жамалбек лайық деп танылды.

Бұдан бөлек, арнайы номинациялар бойынша Қарағанды облысының ақыны Тоқтамұрат Раушан «Сөз зергері», Шымкент қаласының өкілі Аятулла Мәжид «Тапқыр ақын», Абай мектебінің шәкірті Құдияр Иманжүсіп «Жас талап» атанды. Абай облысынан келген Азамат Серіковке ақын Ринат Зайытовтың атынан Сиязбек атындағы арнайы жүлде табысталды.

Айта кетейік, жоба аясында «Қола домбыра» оқушылар арасында, «Күміс домбыра» 30 жасқа дейінгі студенттер мен жас ақындар арасында, ал «Алтын домбыра» елге танылған айтыскерлер арасында өткізіледі. Биылғы «Алтын домбыра» аламаны 4-5 желтоқсан күндері елордада өтеді деп жоспарланған.

ОҚУШЫЛАР АҚЫНМЕН КЕЗДЕСТІ

Астанадағы №108 жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасында ақын, әскери журналист Мұхарбек Жәкейұлымен «Қалам мен қару: елге қызмет, жырға құрмет» тақырыбында әдеби кездесу өтті.



Іс-шараның мақсаты – оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, көркем сөздің құдіретін таныту, ақын шығармашылығы арқылы елжандылық пен туған жерге сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру.

Кездесу барысында оқушылар қаламгердің өмір жолы, журналистика саласындағы қызметі мен шығармашылық ізденістері туралы мағлұмат алды. Ақынның өлеңдері оқылып, шығармаларының жазылу тарихы мен туындыларына арқау болған ойлар, сезімдер және өмірлік оқиғалар жайында әңгіме өрбіді.

Мұхарбек Жәкейұлы оқушылармен еркін пікір алмасып, олардың сұрақтарына жауап берді. Әдебиет, ұлттық рух, туған жерге деген құрмет, азаматтық ұстаным және елге қызмет ету туралы тағылымды ойларын ортаға салды. Қаламгер шығармашылығының өн бойындағы шынайылық пен өмірге деген көзқарас жас оқырмандарға ерекше әсер етті.

Жылы жүздесу оқушыларға ақынмен жақынырақ танысып, әдеби әлемге бойлай түсуге, поэзияның мәні мен көркем сөздің қадірін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Кездесу соңында Мұхарбек Жәкейұлы мектеп ұжымына алғысын білдірді.

САХНАДАҒЫ САХАРА ХАНШАЙЫМЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығы қарсаңында «Астана Опера» театрының сахнасында «Томирис» ұлттық балетінің әлемдік премьерасы өтті. Екі актілі қойылым Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен сахналанды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық мәдениетті дамытуға, тарихи-мәдени мұраны сақтауға және дәріптеуге айрықша мән беріп келеді. Ұлы даланың сан ғасырлық тарихын арқау еткен «Томирис» балеті тарихи сананы жаңғырту және ұлттық мұраны қастерлеу идеясын өнер арқылы жеткізеді. Қойылым Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының кіріспесінде айқындалған құндылықтармен үндеседі.

Балет идеясына сақ патшайымы Томиристің өмір жолы негіз болған. Басты кейіпкердің тағдыры арқылы азаттық, отансүйгіштік және адалдық секілді құндылықтар дәріптеледі.

«Томирис» – «Астана Опера» театрының шығармашылық ұжымы арнайы әзірлеген тұңғыш толыққанды екі актілі ұлттық балет. Музыкасын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хамит Шаңғалиев жазған. Қоюшы хореографы – Сұлтанбек Ғұмар, либретто авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермек Аманшаев. Қойылымда классикалық балет үлгілері, қазақ биінің элементтері, ұлттық әуен мен заманауи хореография үйлесім тапқан. Сахнаны көркем безендіру және жарық беру тұжырымдамасын жапониялық сценограф Йоко Сеяма әзірледі. Ал костюм суретшісі Дариға Тайшықова сахналық киімдерді дайындауда сақ дәуірінің ерекшелігін негізге алған.

Спектакль аяқталған соң, Арман Қырықбаев театрдың шығармашылық ұжымымен кездесіп, премьерамен құттықтады. Министр өз сөзінде ұлттық мәдени мұрамыздың байлығын танытатын төл туындыларды сахналаудың айрықша маңызын атап өтті. Сонымен бірге қойылым авторларына, көркемдік жетекшілерге, әртістерге және спектакльдің сахналануына атсалысқан барша театр мамандарына алғыс білдірді.



Елордада балаларға арналған «Менің алғашқы кітабым» әдеби байқауының қорытындысы шығарылып, жеңімпаздары мен қатысушылары марапатталды. Жоба Мемлекет басшысының «Кітап оқитын ұлт» бастамасын қолдау мақсатында ұйымдастырылды.

БАЙҚАУДА ЖЕҢГЕН БАЛАЛАР

Байқауға елордалық 59 жас автордан 70-тен астам жұмыс түсті. Балалардың шығармаларына арқау болған тақырыптар да сан алуан. Достық, мейірімділік пен отбасылық құндылықтарды дәріптейтін дәстүрлі ертегілермен қатар, заманауи технологиялар, жасанды интеллект және адамзаттың болашағы жайындағы туындылар да көпшіліктің қызығушылығын тудырды.



«Кейбір балалар жаңа технологиялар, жасанды интеллект және олардың болашаққа ықпалы туралы жазады» деді байқауды ұйымдастырушылардың бірі, психолог, «Центр Свободы» менталдық денсаулық орталығының тең құрылтайшысы әрі менторы – Айгүл Асқар.

Оның айтуынша, қатысушылардың жұмысы жас ерекшеліктеріне қарай едәуір ерекшеленеді. Кішкентай балалар үшін байқау әдеби шығармашылықтағы алғашқы қадамдардың бірі болса, жоғары жас санатындағы қатысушылардың арасында өз бетінше жазылған, мазмұны жан-жақты пысықталған туындылар да бар.

Қатысушылардың бірқатары психологиялық тұрғыдан күрделі тақырыптарды да қозғаған. Мәселен, қыздардың бірі адамның мінсіз болуға ұмтылысы туралы шығарма жазған. Ол өз туындысы арқылы үнемі кемелдікке ұмтылу адамды бақытты ете бермейтінін, ең бастысы, өзінің болмысын жоғалтпау екенін жеткізгісі келген.

Байқау екі жас санаты бойынша өткізілді: 7-11 жас және 12-15 жас. Қазақ және орыс тілдеріндегі жұмыстар бөлек бағаланды. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар қарастырылды. Бірінші орын иегеріне – 300 мың теңге, екінші орынға – 200 мың теңге, үшінші орынға – 100 мың теңге.

Бұдан бөлек, ұйымдастырушылар әдеби шеберлік, идеяның ерекшелігі, отбасылық дәстүрлер мен мәдени құндылықтарды сақтау сияқты бағыттар бойынша 12 арнайы номинация тағайындады. Бұл номинациялардың жеңімпаздарына 50 мың теңгеден берілді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №141
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ